

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті арасындағы контрабандаға және кеден ережелерін бұзушылықтарға, сондай-ақ қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, есірткі құралдарының, психотропты заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 қазан N 1602

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 7 сәуірде Баку қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті арасындағы контрабандаға және кеден ережелерін бұзушылықтарға, сондай-ақ қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, есірткі құралдарының, психотропты заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті арасындағы контрабандаға және кеден ережелерін бұзушылықтарға, сондай-ақ қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, есірткі құралдарының, психотропты заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті, қару оқ-дәрілер, жарылғыш заттар, есірткі құралдары, психотропты заттар мен прекурсорлар контрабандасын болдырмау, тергеу және олардың жолын кесу жөніндегі іс-әрекеттерді жандандыру мақсатында,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық туралы 1997 жылғы 10 маусымдағы келісімнің ережелерін жүзеге асыру мақсатында, осы саладағы ынтымақтастықты дамытуға ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

#### **1-бап**

Қазақстан тарабынан осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

Әзербайжан тарабынан осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті орган Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті болып табылады.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың аталуы немесе функциялары өзгерген кезде Тараптарға дипломатиялық арналар бойынша уақытылы хабарланатын болады.

## **2-бап**

Тараптар жүк және жолаушылар қатынастарындағы және почталық айырбастағы кедендік бақылауды жандандыруға, сондай-ақ көлік құралдарының, жүктің, жолжүгінің, почталық жөнелтімдердің, валютаның басқа төлем құралдарының және валюталық құндылықтардың заңсыз әкелінуін, әкетілуін және транзитін ескертуге, Тараптар мемлекеттерінің экономикалық және басқа мүдделеріне келетін нұқсанды болдырмауға бағытталған барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады.

## **3-бап**

Тараптар осы Келісімнің негізінде, өз құзыреттерінің шегінде және тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарын сақтай отырып бір-бірімен ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады :

- а) қолданылып жүрген кеден заңдары туралы ақпарат;
- б) контрабандаға және кеден ережелерін бұзуға қарсы күрес, қарудың оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың контрабандасы мен заңсыз саудасын болдырмау, оларды тергеу және жолын кесу жөніндегі іс-әрекеттерін жандандыру әдістері туралы ақпарат;
- в) бақылаудың техникалық құралдарын пайдалану, кинология қызметтері жұмысының тәжірибесі;
- г) қару мен есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес әдістерін үйрету мақсатында мамандар ;
- д) қару мен есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың контрабандасына және заңсыз айналымына қарсы күрес мәселелері жөніндегі ғылым жарияланымдар мен оқу құралдары;
- е) есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорлардың жаңа түрлері мен оларды өндіру орындары, оларды заңсыз тасымалдау бағыттары және оларды жасыру әдістері туралы ақпарат;
- ж) есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар мен прекурсорларды сәйкестендіру және зертханалық анализ саласындағы ақпарат;
- з) түрлі елдер мен аймақтардағы қару мен есірткі құралдарына, жүйкеге әсер ететін заттарына және прекурсорларға бағаның өзгеруі туралы ақпарат;
- и) есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың синтезі үшін қолданылатын бастапқы химикаттар туралы ақпарат;
- к) қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, есірткі құралдарының, жүйкеге

әсер ететін заттардың және прекурсорлардың заңсыз тасымалдану бағыттары мен оларды жасыру тәсілдері туралы ақпарат алмасатын болады.

#### **4-бап**

Тараптардың әрқайсысының бастамасымен немесе келесі Тараптың сұрау салуы бойынша :

а) қарудың, есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың контрабандасымен немесе заңсыз саудасымен айналысатын немесе оған күдіктелетін тұлғалар туралы;

б) контрабанданы тасымалдауда пайдаланылатын көлік құралдары, жүктер мен пошталық жөнелтімдер туралы;

в) контрабанда заттарын және анықтау бір Тарап аумағынан екінші Тарап аумағына есірткі құралдарын заңсыз өткізу фактілері туралы жедел деректер береді.

#### **5-бап**

Тараптармен беретін ауызша, сондай-ақ жазбаша түрдегі ақпарат құпия болып саналады және тек осы Келісімді орындау мақсаттарында ғана пайдаланылады.

Тараптар осы Келісімнің ережелеріне сәйкес алынған мәліметтерді осы ақпарат алынған Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа бермеуге міндеттеледі.

#### **6-бап**

Тараптар арасындағы ынтымақтастық мәселелері жөніндегі сұрау салуларда: сұрау салушы органның атауы, сұрау салынатын органның атауы, сұрау салуды жіберуге байланысты мәселе мән-жайының қысқаша сипаттамасы, сұрау салудың тақырыбы және оны орындауда қажетті мәліметтер көрсетіледі. Тараптар бір-біріне сұрау салуларды жазбаша түрде жібереді. Сұрау салуларға сұрау салушы органдардың басшылары қол қояды және елтаңбалық мөрмен қуатталады.

Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайда сұрау салулар артынша жазбаша растаумен телеграф, телетайп немесе факстық байланыс арналары бойынша жіберіледі. Сұрау салулар алынған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей орындалады. Сұрау салуларды басқа ведомстволар мен мекемелерге жіберген жағдайда, сондай-ақ оларды орындауға кедергі жасайтын жағдайлар туралы сұрау салушы органға дереу хабарланады.

#### **7-бап**

Егер Тараптардың біреуінің екінші Тарапқа жіберген сұрау салуы (осы Келісімнің 4, 5, 6 тармақтарына сәйкес) екінші Тарап мемлекетінің егемендігіне және ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін болса, негіздемелері мен уәждерін көрсете отырып, өтінішті орындаудан бас тарта алады.

#### **8-бап**

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарының негізінде және өзара келісім бойынша кедендік қызметтері қажет болған кездерде, олардың заңсыз айналымына қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттардың және прекурсорлардың бақыланатын жеткізілім әдісін пайдаланады.

Бақыланатын жеткізілім әдісін пайдалану туралы шешімдерді Тараптар әрбір жекелеген жағдайда қабылдайды және қажет болғанда Тараптардың қол жеткізген қаржылық уағдаластықтары назарға алынады.

#### **9-бап**

Егер Тараптардың бірі екінші Тарап лауазымды тұлғасының контрабанда немесе кедендік ережелерді бұзу фактілері бойынша куә немесе сарапшы ретінде қатысуына мүдделі болса, оның екінші Тарапқа тиісті сұрау салу арқылы өтініш жасауға құқылы.

Мұндай сұрау салуды қанағаттандыру осы Келісімнің 4, 5, 6 баптарымен реттеледі.

Тараптардың біреуінің лауазымды тұлғаларында келесі Тарап мемлекетінің аумағында болған кездерінде өздерінің ресми өкілдіктерінің құжаттық растамасы болуы тиіс.

#### **10-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және орындауға байланысты туындаған барлық даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер арқылы шешілетін болады.

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалар түрінде ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Тараптар арасындағы хат хабар орыс тілінде жүргізілетін болады.

#### **11-бап**

Тараптар, мамандардың жолсапарымен байланысты шығыстарды қоспағанда, осы Келісімді орындауға байланысты туындаған шығыстардың орнын толтырудан бас тартады.

#### **12-бап**

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың басқа халықаралық шарттарға сәйкес қабылдаған міндеттемелеріне ықпал етпейді.

#### **13-бап**

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Әзербайжан Республикасы Кеден комитетінің арасындағы Контрабандамен және кеден ережелерін бұзушылықпен күрестегі ынтымақтастық туралы 1993 жылғы ақпандағы келісім өз қолданысын тоқтатады.

#### **14-бап**

Осы Келісім бес жылдық мерзімге жасалады және Келісімнің күшіне енуін қамтамасыз ететін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы бір-біріне дипломатиялық арналар бойынша хабарлағаннан кейін күшіне енеді. Тараптардың бірде-бірі осы Келісім қолданысының тиісті мерзімі өтерден алты ай бұрын оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда мәлімдемесе, ол келесі 5 жылға өздігінен ұзартылады және күшінде қала беретін

б о л а д ы .

Баку қаласында 2000 жылғы 7 сәуірде қазақ, әзербайжан және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін пайдаланылатын болады.

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрлігі  
үшін

Әзербайжан Республикасының  
Мемлекеттік кеден комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК